*The subject of this research is the current norms of the civil legislation of the Republic of Kazakhstan, which determine the legal status of the Foundation, which is a non-profit organization, and regulate their activities. After analyzing the basic legislation governing the legal position of the funds in the study proposes to eliminate some of the shortcomings that occurred in the individual provisions of the Civil code of the Republic of Kazakhstan the Law "On nonprofit organizations". A theoretical analysis of the features of the legal nature of these foundations as a non-profit organization, i.e. the main differences between the foundation and other legal entities, is also carried out, and individual positions and theoretical views of the author in this context are formulated. At the same time, the issues of creating a fund are differentiated in the terminology and legal aspects of recognizing the fund's property as "authorized fund" or "authorized capital".*

**DOI: 10.52026/2788-5291_2021_64_1_132**

*Кіріспе.* Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне таяуда отыз жыл толмақ, ойлап көрсеңіз бұл әрине, аз уақыт емес, осы аталған кезеңдер аралығында мемлекетіміз талай биіктерді батыл бағындырып, бүгінде кемеліне келіп отыр деп айтуға болады. Сол сияқтыеліміздің заң негіздері де едәуір толыға түскені белгілі. Солардың бірі коммерциялық емес ұйым болып табылатын қордың қызметін реттейтін заң негіздері. Енді осы аталған заңдардың сандық емес сапалық мазмұнына тереңрек үңіліп көрелік.

Біз осы орайда коммерциялық емес ұйым ретінде қордың құқықтық жағдайын қарастырып өтпекпіз. Жалпы қор заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны ретінде азаматтық айналымға алғаш рет ресми түрде 1991 жылы, яғни КСР Одағы мен одақтас республикалардың Азаматтық заңдар Негіздеріне[1] сәйкес ендірілген болатын (11-б. 2 т., 18-б. 3 т.)». Алайда, Азаматтық заңдар Негіздерінде аталған ұйымдық - құқықтық нысанға нақты анықтама берілмей, тек қорға тән екі белгінің болатындығы ғана көрсетілгенді. Бірінші белгі - ол қордың коммерциялық емес ұйым екендігін нұсқаса, ал екінші белгі - қордың мүлкіне қор құрылтайшыларының мүліктік құқықтары жоқ екендігін баяндайды [1, с.157 ].

Қазақстан Республикасының азаматтық заңдары «қорға» мынандай ресми анықтама береді: Азаматтар және (немесе) заңды тұлғалар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейтін мүшелігі жоқ

[1] *Ведомости Съезда народных депутатов СССР и Верохвного Совета СССР. 1991. №26. - 2016 с.*

коммерциялық емес ұйым қор деп танылады (ҚР АК 107-б.1 т.. мен ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 12- б.).

Бұл анықтамадан қордың басқа заңды тұлғалардан басты ерекшелігін айқын аңғаруға болады, яғни «қор» азаматтар мен (немесе) заңды тұлғалардың бірлестігі емес, азаматтар мен (немесе) заңды тұлғалардың қоғамдық пайдалы мақсаттарға жету жолындағы мүлкінің бірлестігі болып табылады. Әрине, аталған белгі қорды кез-келген өзге коммерциялық емес ұйымдардан ажыратуға мүмкіндік беретін ең елеулі ерекшеліктердің бірі болып табылады [2, с. 68].

Демек, қорды ең алдымен құрылтайшылардың мүлік шоғырландыруымен тікелей байланыстыруға болады.

Қор осы жоғарыда аталғандардан басқа сондай-ақ азаматтардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, дене шынықтыру мен спортты дамыту, заң көмегін көрсету үшін және азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін немесе материалдық емес өзге де игіліктерін қамтамасыз ету мақсаттарында құрылуы мүмкін [3, с. 363].

Міне мұның бәрі қордың аса тиімді құқықтық құрылым екендігіне дәлел болып, жалпы кез-келген қоғам үшін аса маңызды әлеуметтік рол атқаратындығын аңғартады. Бірақ осыған қарамастан, өкінішке орай, қазіргі күнге дейін Қазақстанда қорлардың қызметін реттейтін заңнамалар негіздері жеткілікті дамымай, кенже қалып отыр деп айтқан болар едік. Оған дәлелді алыстан іздеудің ешбір қажеті жоқ, мәселен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қордың құқықтық жағдайын айқындап, қызметін реттеуге арналған тек бір ғана норма бар – ол 107-бап, дәл сол сияқты «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңда да (бұдан әрі қарай Заң) жалғыз ғана норма қарастырылған, яғни ол аталған Заңның 12 және 13 бабы, әрине, көріп отырғанымыздай бұл нормалар Қазақстанда қорлардың толыққанды қызмет атқаруы үшін жеткілікті құқықтық негіз бола алмайтындығы айтпаса да түсінікті болар. Бірақ соған қарамастан қорлар соңғы жылдары Қазақстанда басқа заңды тұлғалармен салыстырғанда азаматтық айналымға айтарлықтай белсенді қатыса түсе бастады.

Алматыдағы Халықаралық коммерциялық емес құқық орталығы өкілдігінің директоры Р. Ремиастың пікірінше қоғамдық қорлар қызметінің құқықтық тұрғыда жете реттелуі бұл ұйымдардың мәнін түсінуге толық мүмкіндік тудырар еді, әрі қоғамдық қорлар мен қоғамдық бірлестіктердің ара жігін айқын анықтауға мүмкіндік жасап, «шынайы» қорлардың құрылуына негіз қалары сөзсіз [4, с. 19].

Қордың құрылу мәселесіне тоқталып өтер болсақ қорлар тек қана заңдардың негізінде ғана құрылып қоймай, сондай-ақ арнайы құқықтық актілердің негізінде де құрылуы мүмкін, мәселен ҚР Президентінің Жарлығы бойынша немесе ҚР Үкіметінің Қаулысына сәйкес т.с.с., демек, қор құру туралы бастаманы Қазақстанда заң негізіндегі актілер қабылдау арқылы да жүзеге асыруға жол беріледі деп тұжырымдауға болады. Бірақ барлық жағдайда бұл ұйымдардың, яғни қорлардың құрылтай құжаттары заң талаптарын бұзбауы тиіс.

Негізгі бөлім. Қазақстандағы қорлардың құқықтық жағдайын айқындайтын заңнамалар негіздерін саралай келіп, біздер жалпы қор түрлерінің құқықтық жағдайына ықпал ететін басты факторлардың бірі ол-қордың құрылтайшылар құрамы мен оның қызмет мақсаты деп санаймыз. Алайда, «...өкінішке орай тәжірибе тұрғысында тіркеу органдары қорлардың қызмет мақсатын қадағаламайды» [5, с. 16]. Мысалы, Заңның 13 бабының 1 тармағына сәйкес, қор құрылтайшыларының құрамына қарай қорлардың төмендегідей түрлері қарастырылған, яғни жеке қорлар, корпоративтік қорлар, қоғамдық қорлар және мемлекеттік қорлар, ал қорлардың қызмет мақсатына қарай: әлеуметтік қорлар, қайырымдылық қорлары, мәдени қорлар, білім қорлары және өзге де қорлардың құрылуы мүмкіндігі қарастырылған.

Мәселен, бір ғана жеке адамның немесе жеке адамдардың – бір отбасы мүшелерінің өзінің (өздерінің) жеке қаражаттары есебінен құрған қоры жеке қор деп танылады. Жеке қор сондай-ақ жеке адамның нотариалды куәләндірілген өсиеті бойынша да құрылуы мүмкін. Жеке қордың мүлкі жеке тұлғадан (құрылтайшыдан) немесе жеке тұлғалардан – бір отбасы мүшелерінен (құрылтайшылардан) бір жолғы және (немесе) тұрақты түсетін түсімдер есебінен, өсиет бойынша түскен мүліктен, және жеке қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады (Заңның 13 б. 2 т.).

Бір заңды тұлғаның немесе бірнеше заңды тұлғалардың-коммерциялық және (немесе) коммерциялық емес ұйымдардың осы ұйымдардың қаражаты есебінен құрған қоры корпоративтік қор деп танылады. Корпоративтік қордың мүлкі бір немесе бірнеше заңды тұлғалардың коммерциялық және (немесе) коммерциялық емес ұйымдардан (құрылтайшылардан) бір жолғы және (немесе) тұрақты түсетін түсімдер есебінен және корпоративтік қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады (Заңның 13 б. 3 т.). Бір отбасының мүшелері болып табылмайтын жеке адамдардың және (немесе) заңды тұлғалардың – қоғамдық бірлестіктердің құрған қоры қоғамдық қор деп табылады.

Қордың мүлкі заңды тұлғалардан – қоғамдық бірлестіктер мен жеке тұлғалардан бір жолғы және (немесе) тұрақты түсетін түсімдер есебінен және қоғамдық қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады (Заңның 13 б. 4 т.).

Мемлекеттік органдардың шешімімен құрылған, белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы берілген, қордың мақсаттары мен міндеттерін мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қор мемлекеттік қор деп аталады. Мемлекеттік қордың мүлкі заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің қаражаты есебінен және мемлекеттік қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қорды бір ғана тұлға, яғни жеке немесе заңды, коммерциялық не болмаса коммерциялық емес ұйым, сондай-ақ осы аталған тұлғалар бірлесе отырып құра алады. Ал Заңның 13 бабының 1 тармағы, сонымен бірге, қызмет мақсаттарына қарай өзге де қорлардың құрылуына мүмкіндік береді. Қордың құрылтайшылары өздерінің жеке қажеттіліктері мен жеке мүдделерін іске асыруды мақсат етпеуі тиіс, себебі, мұндай мақсаттарды көздеуге заң тыйым салады.

Біздіңше, болашақта қоғамдық бірлестіктердің мүлкі мен мемлекеттік меншіктің негізінде, «қоғамдық-мемлекеттік» қор деп танылатын жаңа қор түрін құруға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында ешбір құқықтық кедергі жоқ деп болжам айтуға болады.

Құқықтық тәжірибеде мұндай қор конструкциясының болғаны да рас, мәселен, Ресей Федерециясында 1992 жылы 15 желтоқсанында Ресей Федерациясы Президентінің Жарлығымен «Российские немцы»[2] деп аталатын қоғамдық-мемлекеттік қордың құрылғаны мәлім.

Кейде құқықтық қолданыста «қор» деп белгілі бір мақсаттар үшін ақша ресурстарын шоғырландыруды атайды, мысалы, «жол қоры», «әлеуметтік қорғау қоры» т.б., алайда мұндай қорларды коммерциялық емес ұйымдардың дербес ұйымдық-құқықтық нысаны болып табылатын қорлардан ажырата білудің тәжірибелік маңызы зор, яғни жоғарыда аталып өткен қорларды заңды тұлға ретінде қарастыруға болмайды.

Мысалы, бюджеттен тыс мемлекеттік қорлар қор ретінде танылмайды. Сондықтан АК-тің 107-бабының ережелері оларға қолданылмайды. Бюджеттен тыс мемлекеттік қор мемлекеттік коммерциялық емес ұйымдардың дербес түрі болып табылады, оның құқықтық жағдайы өзінің қызметін реттейтін нормативтік актілермен айқындалған [6, с. 239].

Ал Коммерциялық емес ұйымдар туралы және де өзге де заңдарда қарастырылған қорлар заңды тұлға, яғни коммерциялық емес заңды ұйым болып табылады. Шет елдерде қорлардың құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының заңды тұлғалар жүйесіндегідей емес өзгешелеу болып келеді. Мәселен, көптеген Европа мемлекеттерінің заңнамалары бойынша қайырымдылық, мәдени және өзге де қызметтермен айналысатын заңды тұлғалар мекемелер деп аталады, ал кейбір ТМД елдерінің азаматтық заңнамалары бойынша, мәселен, Ресей Федерациясының «Қоғамдық бірлестіктер туралы»[3] Заңының 10-бабына сәйкес, қор - ол қоғамдық бірлестіктердің бір түрі, яғни мүшелігі жоққоммерциялық емес заңды тұлға болып танылады".

Жалпы қазіргі ресей заңнамасында қарастырылған «қор» құрылымы мазмұны мен

[2] *Ведомости РФ, 1992. № 51. - 345 с.*

[3] *Сборник законодательства Российской Федерации. 1995.№ 21. -322 с.*

мәні жағынан біздің заңнамаға ең жақын екенін аңғаруымызға болады. Мәселен, Ресей заңнамасына сәйкес қорға берілген мүлік осы қордың меншігі болып табылады. Өз кезегінде құрылтайшылар қордың міндеттемелері бойынша, сол сияқты қор да өз құрылтайшыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Тұлғаның қорға енгізген мүлкін сот тәртібімен өндіріп алуға тим салынған. Қор мүлікті Жарғыда көрсетілген мақсаттар үшін пайдаланады және жыл сайын өз мүлкін пайдалану туралы есептерді жариялауға міндетті.

Алғаш рет Қазақстан заңнамасында *«мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым»* деген ұғым АК 107-бабының 1 тармағында, яғни қоғамдық қорға берілген анықтамада қарастырылған болатын, алайда, өкінішке орай, бұл ұғымға заңда ресми анықтама берілмеген.

Енді кейбір құқықтық нормаларға салыстырмалы талдау жасай келіп, «мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым» деген ұғымның нені білдіретіндігі мен оның заңды тұлғаның құқықтық жағдайына қандай ықпалы мен тәжірибелік маңызы болатындығына қысқаша да болса тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз.

Кейбір авторлардың [1 с. 163] көзқарасы бойынша «мүшелігі жоқ ұйым» ол мұндай заңды тұлғаны басқа заңды тұлғалардан ажыратуға мүмкіндік беретін, әрі ұйымның құқықтық жағдайының ерекшелігін айқындайтын басты белгісі болып табылады.

Яғни, «қордың құқықтық құрылым ретінде басқа заңды тұлғалардан тағы бір ерекшілігі – ол қорда мүшеліктің болмауы» [1, с. 161] деп айтуға болады. Қазақстанда мүшелігі жоқ мұндай коммерциялық емес ұйымдар саны екеу, яғни ол *мекеме* мен *қоғамдық қор (Заңның* 8,12 баптары).

Негізінен құқықтық теорияда «мүшелікке» қатысты басты белгілер болып мыналар қарастырлған:

Біріншіден - ұйымға мүше болушы тұлғаның ерік білдіруі қажет болады;

Екіншіден - осы тұлғаны мүшелікке қабылдауға ұйымның келісімі болуы тиіс;

Үшіншіден - ұйым мен мүшенің арасындағы қатынастар тиісті тәсіл арқылы (әдетте ол жарғыда қарастырылады) рәсімделіп, қажет жағдайда ұйым мүшелерінің санын анықтауға мүмкіндік беретіндей болуы керек;

Төртіншіден - мүшелік ол - осы ұйым мен оның мүшелері арасында өзара құқықтар мен міндеттер тудыруы қажет, мысалы, мүшелердің ұйымның басқару органын сайлауға немесе оған сайлану құқығына ие болуы;

Бұл арада аса мән беріп айта кетерлік мәселе -ол ұйым мен мүшенің арасынада тек қана жеке мүліктік емес қатынастар ғана орнап қоймайды, сондай-ақ мүліктік, соның ішінде міндеттемелік қатынастар да орнайды, мәселен, ұйым мүшесінде мүшелік жарна төлеу міндеті, ал ұйымда аталған жарналарды тиісінше төлеуді талап ету құқығы пайда болады.

Бесіншіден- мүшелік қатынастар ұйым мүшесінің бастамасы бойынша да сондай-ақ ұйымның өзінің бастамасы бойынша да тоқтатылуы мүмкін, мысалы, ұйымның мүшесі ұйымға қатысты өзінің міндеттерін тиісінше орындамаған жағдайда.

Қазақстанда азаматтық заңнамаларда *құрылтайшы, қатысушы* немесе *ұйым мүшесі* деген ұғымдарға ресми құқықтық анықтама берілмеген, сондықтан да аталған ұғымдардың аражігін айқын анықтау біздерге оңайға соқпасы сөзсіз. Оның үстіне бұл жағдайды біраз ушықтырып жіберген *(әрине, өзге арнайы заңдарды қарастырмағанның өзінде!)* АК 36-бабының 1, 4 тармақтары, 44-бабының 2 тармағы, Коммерциялық емес ұйымдар туралы Заңның 4-бабы, 11-бабының 2 тармағы, 15-бабының 2 тармағы, 22-бабының 1 тармағының 4 тармақшасы т.с.с. деп айтсақ артық болмас еді. Яғни бұл аталған заң нормалары бірде *«құрылтайшылар»* деген ұғым мен *«қатысушылар»* деген ұғымның арасына *«теңдік»* белгісін қойса, (*нақтырақ айтқанда бұл екі ұғым көбіне жақшаға алынып көрсетіледі*), бірде «*мүшелер»* деген ұғым мен *«қатысушылар»* деген ұғымның арасына «теңдік» белгісін қояды.

Әрине, егер осы аталған заң нормаларының талаптарын басшылыққа алар болсақ, онда біздер қарастырып отырған қорға *«құрылтайшы»* деген ұғым мүлдем қолдануға келмейді, неге, себебі бұл арада *құрылтайшы* мен *қатысушы* бірдей құқықтық дәрежеге ие, сол сияқты «мүшелер» деген ұғым мен «қатысушылар» деген ұғым өзара теңдей құқықтық салмаққа ие болып отыр. Демек, бұл арада *Заңның* 12-бабының 2 тар-

мағы, жалпы қордың құқықтық табиғатына, нақты айтқанда қордың *мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым* екендігіне қайшы келіп тұрған. Сол сияқты *Заңның* 12-бабының 5 тармағындағы қордың құрылтайшыларын осы нормада көзделген негіздер бойынша қордың құрылтайшыларының жалпы жиналысы *құрылтайшыны қордан шығарады* деп белгілеуі ешбір құқықтық логикаға көнбейтін, аса даулы мәселе деп айтуға болады. Сондықтан да, әрине, *«құрылтайшыны қордан шығару»* тек құқықтық қана қателік емес жалпы жүзеге аспайтын құқықтық утопия деп бағалауға болады.

Заңнамалық түсініктер-ғылыми болып табылмайды, - дейді профессор А.Г.Диденко. Олар заң шығарушының жүзеге асырылған еркі ретінде ресми сипатқа ие, ал ғылыми түсініктер болса олар ешкімнінде еркіне тәуелді емес объективті заңды құбылыстың қортындысы болып табылады [7, с. 61].

Сол себептенде құқықтық ұғымдар мен ғылыми ұғымдардың аражігін айқын ажыратып, олардың мазмұнына қатаң мән берілуі тиіс деп санаймыз.

Азаматтық кодекстің 107-бабының 3 тармағында қорға оның құрылтайшылары берген мүлік қордың жеке меншігі болып табылады.Қордың мүлкіне қор құрылтайшыларының мүліктік құқықтары жоқ деп белгіленген.

Қазақстандық автор С.И.Климкиннің пікірінше Қазақстанда бүгінгі күнге дейін құрылтайшылардың (қатысушылардың) өздері құрған заңды тұлғалардың мүлкіне құқықтарының арақатнастарын саралайтын елеуге тұрарлықтай зерттеулер жасалған жоқ [8, с. 24].

Жоғарыды қарастырып өткен АК 107-бабының 3 тармағы қордың мүлкіне қор құрылтайшыларының мүліктік құқықтарын шектегенмен, алайда біздің көзқарасымыз бойынша, қордың құрылтайшыларының қорға қатысты өздерінің *мүліктік емес құқықтарын* сақтап қалуына ешбір тиым салып тұрған жоқ. Мәселен, құрылтайшылардың мүліктік емес құқықтарына құрылтайшылардың *қорды басқаруға қатысу* құқығын жатқызуға болады. Егер осы АК 107-бабының 3 тармағының 2 бөлігіне сүйенер болсақ, онда құрылтайшылар қордың басқару органдары құрамына кіре алды деп айтуға құқықтық негіз пайда болады, яғни басқаша айтқанда қор құрылтайшыларының қорды басқаруға қатысу сияқты мүліктік емес құқықтары сақталады деп айтқан болар едік.

Бірақ, кейбір авторлар [9, с. 149] қордың құрылтайшылары қорды басқаруға міндетті емес деп санап, тіпті, олардың қорды тікелей басқаруға мүлдем мүмкіндігі жоқ деп пайымдайды. Егер қордың мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым екендігін ескерер болсақ бұл ретте қордың құрылтайшыларының мүліктік емес құқықтары, яғни *қорды басқару құқығы* заңмен шектелуі тиіс. Мысалы, қор құрылтайшыларының өз еріктерімен қорды тарату туралы шешім қабылдауларына заңмен тиым салынуы керек деп білеміз. Бұл жағдай, әрине ең алдымен қордың құқықтық табиғатының ерекшеліктеріне байланысты, өйткені қорды құрып және оған мүлік бергеннен кейін құрылтайшылар қордың мүлкіне барлық мүліктік құқықтарын жоғалтады, яғни қор осыдан кейін жарғыда құрылтайшылар белгілеген пайдалы мақсаттарды көздеп өз бетінше «өмір сүреді» [10, с. 148].

*Заңның* 12-бабынының 5 тармағы қор құрылтайшыларының қордың мүлкіне мүліктік құқығы жоқжәне оларды міндеттемелерін орындамағаны үшін жарғыда белгіленген тәртіппен құрылтайшылырдың жалпы жиналысы *қордан шығаруы мүмкін* деп көрсетеді. Біздіңше бұл нормада қарастырылған құқықтық санкцияны мүлік беруге байланысты өз міндеттемелерін орындамаған (тіпті жарғыда белгілеген күннің өзінде!) қор құрылтайшылары (құрылтайшысы) үшін қолдануға болмайды деп санаймыз. Себебі, қордан шығару (жалпы, “шығару” деген процедураның өзі қандайда бір мүшелікте болуды білдіреді емес пе?!) ол іс жүзінде *қордан мүшеліктен* шығарумен пара-пар, ал бұл Азаматтық кодекстің 107-бабының 1 тармағының және де *Заңның* 12-бабынының 1 тармағының талаптарын, нақты айтқанда қордың мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым болатындығы туралы қағидасына қайшы келеді.

*Заңның* 22-бабының 1 тармағының 6 тармақшасының талаптарына сәйкес, қордың құрылтай құжаттарында, нақты айтқанда ұйымның жарғысында оның мүлкінің құрау көздері көрсетілуі тиіс.

Қордың мүлкінің құрау көздері болып *Заңның* 13-бабының 4 тармағының 2 бөлігіне

сәйкес, мыналар табылады: заңды тұлғалардан-қоғамдық бірлестіктер мен жеке тұлғалардан бір жолғы және (немесе) тұрақты түсетін түсімдер және де осы *Заңның* 35-бабына сәйкес, ерікті мүліктік жарналар мен қайырмалдылықтар, заңдарда белгіленген жағдайларда тауарлар сатудан, жұмыстардан, қызмет көрсетуден түскен түсімдер (кірістер), акциялардан, облигациялардан, басқа да бағалы қағаздар мен салымдардан (депозиттерден) алынған дивиденттер және заңмен тиым салынбаған басқа да түсімдерден.

Сондай-ақ, бұл тізбе ашық болып табылады, алайда, заңдармен кейде оған шектеулер белгіленуі де мүмкін, мәселен, *Заңның* 13-бабының 4 тармағының 3 бөлігі қоғамдық қордың мүлкі бір отбасы мүшелерінен - аталған қордың бірден бір *қатысушыларынан* түсетін түсімдер есебінен құрала алмайды деп белгілейді. Біздер осы нормада берілген *қордың бірден бір қатысушыларынан* деген сөз тіркесінде құқықтық әрі мағыналық қате бар деп санаймыз, себебі қор ол - мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым болып табылады, ал *қатысушы* деген ұғым, әрине қоғамдық қорда мүшелік бар дегенге меңзейді. Сондай-ақ, Қазақстан заңнамаларында *қатысушылар* мен *мүшелер* деген ол *тең ұғымдар* ретінде қарастырылған сондықтанда аталған нормадағы *қатысушыларынан* деген сөздің орнын *құрылтайшыларынан* деген сөзбен алмастырған әлдеқайда дұрысырақ болар еді.

Осыған дейін жоғарыда атап өткен болатынбыз, АК 107-бабының 3 тармағына сәйкес қорға оның құрылтайшылары берген мүлік қордың жеке меншігі болып табылады, сол себептен де, қоғамдық қор АК 44-бабының 1 тармағында қарастырылған жалпы ережелерге сәйкес өз міндеттемелері бойынша өздеріне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді.

АК 44-бабының 2 тармағында қарастырылған заңды тұлғаның жауапкершілігіне қатысты жалпы ереже қор үшін де қолдануға жатады, яғни, аталған нормаға сәйкес қордың құрылтайшылары қордың міндеттемелері бойынша, ал қор өзінің құрылтайшыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, себебі, Қазақстан заңнамасында бұл мәселе өзгеше көзделмеген.

Қазақстан Республикасында қордың мүлкінің *ең төменгі мөлшері* заңмен белгіленбеген. Ал бұл біздіңше, *құқықтық реттеуді қажет ететін мәселе* деп айтқан болар едік, сондықтан да біздер қордың мүлкінің ең төменгі мөлшерінің заңмен тікелей белгіленуін орынды деп санаймыз. Қордың мүлкінің ең төменгі мөлшерінің заңмен қарастырылуының айтарлықтай тәжірибелік маңызы бар екендігін, әрине мүлдем жоққа шығаруға немесе онымен санаспауға болмайды деп санаймыз. Мәселен, Азаматтық кодекстің 107- бабының 7 тармағының 1 тармақшасы, егер қордың мақсаттарын жүзеге асыру үшін оның мүлкі жеткіліксіз болса және қажетті мүлікті алу ықтималдығы накты болмаса, қоғамдық қордың сот шешімі бойынша таратылатындығын айтады. Демек, бұл жағдай тәжірибе тұрғысында қордың мүлкінің ең төменгі мөлшерінің заңмен белгіленуінің елеулі дәрежеде тәжірибелік мәні бар екендігін аңғартса керек. Бұлай болмаған ретте, қорды таратуға негіз болып отырған мүліктің жеткіліксіз болуы мен қажетті мүлікті алу ықтималдығын анықтауға, сондай-ақ қорды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізу мәселесін объективті құқықтық ұстанымдар, яғни белгілер бойынша жүзеге асыру қиындап кетері сөзсіз. Әрине, бұл арада қордың мүлкінің көлемін анықтау осы қордың көздейтін пайдалы мақсаттарын жүзеге асыруға қажетті шығандарын накты ескере отырып жүргізілгені дұрыс.

Сондай-ақ, кейде күнделікті қолданыста осы қарастырып отырған қордың мүлкін «жарғылық қор» немесе «жарғылық капитал» деп те жатады, әрине, бұл тек қана терминологиялық қате емес, сондай-ақ елеулі құқықтық қате деп айтқан болар едік, себебі, мұндай ұғымдар көбіне коммерциялық ұйымдарға қатысты, мысалы шаруашылық серіктестіктерінде, акционерлік қоғамдар мен мемлекеттік кәсіпорындар үшін, т.б. қолданылады, сондай-ақ, аталған ұғымдар осы ұйымдардың құқықтық табиғатына анағұрлым тән деп айтқан болар едік. Енді қорларға қатысты шетелдік тәжірибені салыстырып, саралап көрелік.

АҚШ-та көптеген қайырымдылық ұйымдары қорлар деп аталады. Бұл ретте, Салық кодексі оларды жеке меншік (активтердің негізгі үлесі жеке адамдардың, отбасылардың немесе компаниялар есебінен қалыптасады) және қоғамдық (ақша кең жұртшылықтың есебінен келіп түседі). деп

бөледі. Қоғамдық қайырымдылық ұйымдарына қарағанда жеке қорлар үшін шектеулер көп және бұл ұйымдар үшін салықтық жеңілдіктер аз қарастырылған.

Ұлыбритания құқығында «қор» деген термин жоқ (азаматтық құқық жүйесінен айырмашылығы ). Оның орнына «қайырымдылық траст» (бұл өзінің мәні бойынша қорға жақын) деген термин қолданылады. «Қор» сөзі негізінен қайырымдылық ұйымдарының атауы ретінде қолданылады.

Германия заңнамасы кез келген мемлекеттік не болмаса жеке мақсаттар үшін қорлар құруға жол береді.

Ирландияда заң қорлардың қандай-да бір нақты нысанда болуын талап етпейді. Бұл елде қорлар негізінен жауапкершілігі шектеулі компания немесе траст түрінде құрылады. Қор салық жеңілдіктерін алу мақсатында өзін қайырымдылықпен айналысатын компания ретінде тіркей алады. Қорлар қандай да бір мемлекеттік органдарда тіркелуге міндетті болып табылмайды.

Испанияда қорлар тек әлеуметтік маңызы бар арнайы мақсаттар үшін ғана құрылады және пайда табу бұл ұйымның негізгі мақсты болмауы тиіс.

Италияда қорлар активтері белгілі бір мақсаттарға арналған коммерциялық емес автономды ұйымдар түрінде құрылады. Құрылтайшы қордың қызметінен пайда таба алмайды және өздері салған қаражаттарын кері қайтара алмайды.

Канадада қорлар жеке және әлеуметтік болып екі түрге бөлінеді, олар қайырымдылық ұйымдарына жатқызылады. Соңғы онжылдықта Канадада жергілікті қауымдастықтар (community foundations) нысанындағы ұйымдар кең танымал. Жеке қайырмалдықты алушылар болып негізінен осы ұйымдар табылады. Қайырымдылық ұйымдары ретінде тіркелген мұндай қорлар әдетте және Канаданың барлық провинциялары мен аумақтарында бар. Бұл ұйымдардың негізгі міндеті –коммерциялық емес ұйымдарға гранттар беру үшін резервтік қорды қалыптастыру болып табылады. Аталған қордың демеушілері болып жеке тұлғалар, корпорациялар мен мемлекеттік мекемелер және т. б.

Нидерландыда қор арнайы құқықтық акт негізінде құрылған заңды тұлға болып табылады. Бұл акт нотариалды түрде куәландырылуы тиіс. Мемлекеттік органдар қорды құруға қатыспайды, құқықтық акт жасалғаннан кейін олар толық құқық қабілеттілігі ие болады.

Швецияда қор иесі жоқ заңды тұлға ретінде танылады. Бұл ұйымдар белгілі бір мақсаттарға арналған құрылтайшылардың қайтарымсыз қайырмалдығы есебінен қалыптасады. Егер қор әлеуметтік маңызы бар мақсаттарды көздейтін болса онда салықтық жеңілдіктерді пайдалануға құқығы бар [11].

«Қор» термині көп мәнді болып табылады. Заңнамада әртүрлі заңды тұлғалар қарастырылған (коммерциялық, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдар), олардың атауында «қор» термині бар, бір-ақ өзінің құқықтық табиғаты мен мазмұны бойынша бұл ұйымдар қор болып табылмайды [12] Мәселен, дәл осы іспеттес қорлар қазақстан да кездеседі мысалы, тұрғын үй, өтемақы, мұрағат, сақтандыру, дағдарысқа қарсы, инвестициялық, венчурлық, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру, ұлттық, рухани даму, мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы, ұлттық әл-ауқат, бюджеттік және бюджеттен тыс қорлар және т. б.

*Қорытынды.* Сонымен қорытындылай келе, біздер жоғарыда карастырып өткен мәселелерге қатысты төмендегідей тұжырым жасауға болады, яғни, қазіргі кезде құқықтық қолданыста көрніс тауып отырған тек белгілі бір мақсаттар үшін ғана ақша ресурстарын шоғырландыруды мақсат тұтатын кейбір құқықтық құрылымдарды «қор» деп атау құқықтық тұрғыдан бағалағанда әрине, орнысыз. Сондықтан да коммерциялық емес ұйым ретінде қорды басқа ұйымдардан ажыратуға болатындай нақты құқықтық өлшемдер жүйесін қалыптастыру қажет, не болмаса, басқа заңды тұлғалардың өз атауында «қор» сөзін қолдануына заңдарда нақты шектеулер қарастырған жөн деп деп санаймыз. Сонымен бірге қордың қызметін реттейтін қолданыстағы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарының мазмұндық сапасын қайта қарастырып, ондағы «құқықтық ақтаңдақтар» мен кейбір біздер жоғарыда қарастырып, сарала өткен азаматтық заң нормаларының мазмұнында кездесетін жетіспеушіліктер мен олқылықтарды, кемшіліктерді ескере отырып заңдарға тиісті өзгерістер мен толықтырулар ендіру қажет.

## ӘДЕБИЕТТЕР


*1. Доркин О.Г. и др. Некоммерческие фонды и организации. Правовые аспекты. - М: Изд. дом «Филинъ», 1997. - 336 с.*

*2. Комментарий к Федеральному Закону «О некоммерческих организациях». Второе издание, дополненное и переработанное / Под ред. М.Ю. Тихомирова. - М: «Статут», 2000. - 307 с.*

*3. Субъекты гражданского права. гл.5 §3 Общественный фонд. Жанайдаров И.У. / Ответ. ред. М.К. Сулейменов. - Алматы: НИИ частного права КазГЮУ, 2004. - 776 с.*

*4. Фоменко О. Право - орудие социальных перемен / Фемида. - 1998. -№10. - С. 18-21.*

*5. Татимова Ж. Общественный фонд «Казахстанский фонд содействия предпринимателям» сообщает // Предприниматель и право. - 2003. - №4. -С. 26-28.*

*6. Азаматтық құқық.1 том. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық (академиялық курс). Жауапты ред.: Сүлейменов М.К, Басин Ю.Г. - Алматы, 2003. - 736 с.*

*7. Диденко А.Г. Оценочные понятия в гражданском законодательстве. Гражданское законодательство Республики Казахстан. Выпуск 14. – Астана: ЗАО «Институт законодательства Республики Казахстан», 2002. - 159с.*

*8. Климкин. С.И. О делении юридических лиц в зависимости от прав учредителей (участников) на их имущество. Гражданское законодательство Республики Казахстан. Статьи. Комментарии. Практика. Выпуск-9. - Алматы: ТОО Баспа, 2000. - 254 с.*

*9. Комментарий части первой Гражданского кодекса Российской Федерации для предпринимателей / Под. ред. М.И.Брагинского и В.Д. Карповича. - М., 1995. - 478 с.*

*10. Гражданское право. Часть 1 / Под. ред. Ю.К. Толстого и А.П. Сергеева. - СПб., 1996. - 550 с.*

*11. Тлембаева Ж.У. Некоторые проблемы правового регулирования фондов в законодательстве Республики Казахстан. Қазақстан Республикасы / Вестник Института законодательства Республики Казахстан № 4 (36) 2014 г. С. 38-39.*

*12. Гражданское право: Учебник. В 2 т. / Под ред. Б.М. Гонгало. Т. 1. 2-е изд. перераб. и доп. – М.: Статут, 2017. – 511 с.*


## REFERENCES


*1. Dorkin O.G. i dr. Nekommercheskie fondy i organizacii. Pravovye aspekty. - M: Izd. dom «Filin#», 1997. - 336 s.*

*2. Kommentarij k Federal'nomu Zakonu «O nekommercheskih organizacijah». Vtoroe izdanie, dopolnennoe i pererabotannoe / Pod red. M.Ju. Tihomirova. - M: «Statut», 2000. - 307 s.*

*3. Sub#ekty grazhdanskogo prava. gl.5 §3 Obshhestvennyj fond. Zhanajdarov I.U. / Otvet. red. M.K. Sulejmenov. - Almaty: NII chastnogo prava KazGJuU, 2004. - 776 s.*

*4. Fomenko O. Pravo - orudie social'nyh peremen / Femida. - 1998. -№10. - S. 18-21.*

*5. Tatimova Zh. Obshhestvennyj fond «Kazahstanskij fond sodejstvija predprinimateljam» soobshhaet // Predprinimatel' i pravo. - 2003. - №4. -S. 26-28.*

*6. Azamattyқ құқyқ.1 tom. Zhoғarғy oқi oryndaryna arnalғan oқulyқ (akademijalyқ kurs). Zhauapty red.: Sүlejmenov M.K, Basin Ju.G. - Almaty, 2003. - 736 s.*

*7. Didenko A.G. Ocenochnye ponjatija v grazhdanskom zakonodatel'stve. Grazhdanskoe zakonodatel'stvo Respubliki Kazahstan. Vypusk 14. – Astana: ZAO «Institut zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan», 2002. - 159s.*

*8. Klimkin. S.I. O delenii juridicheskih lic v zavisimosti ot prav uchreditelej (uchastnikov) na ih imushhestvo. Grazhdanskoe zakonodatel'stvo Respubliki Kazahstan. Stat'i. Kommentarii. Praktika. Vypusk-9. - Almaty: TOO Baspa, 2000. - 254 s.*

*9. Kommentarij chasti pervoj Grazhdanskogo kodeksa Rossijskoj Federacii dlja predprinimatelej / Pod. red. M.I.Braginskogo i V.D. Karpovicha. - M., 1995. - 478 s.*

*10. Grazhdanskoe pravo. Chast' 1 / Pod. red. Ju.K. Tolstogo i A.P. Sergeeva. - SPb., 1996. - 550 s.*

*11. Tlembaeva Zh.U. Nekotorye problemy pravovogo regulirovanija fondov v zakonodatel'stve Respubliki Kazahstan. Қazaқstan Respublikasy / Vestnik Instituta zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan № 4 (36) 2014 g. S. 38-39.*

*12. Grazhdanskoe pravo: Uchebnik. V 2 t. / Pod red. B.M. Gongalo. T. 1. 2-e izd. pererab. i dop. – M.: Statut, 2017. – 511 s.*